

Қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 932 Қаулысы

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары:

- 1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;
- 2) жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 15 қаңтарға және 15 шілдеге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 30 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 2

қ а з а н д а ғ ы

N

9 3 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту жоспары

Р/с N	Іс шаралар	А я қ - т а л у нысаны	О р ы н - дауға (іске асыруға) жауап- тылар	Орын- дау (іске асыру) мерзі- м і	Болжам- ды шы- ғыстар (мың теңге)	Қаржы- лан- дыру көзде- рі
1	2	3	4	5	6	7
	Қазіргі заман- ғы инфрақұры- лымды, оның ішінде прог-	Қазақстан Республи- касының	ЭБЖМ (жи- нақтау), ККМ, АБА,	Ж ы л сайын		

1.	рессивті технологиялар мен материалдарды дамытудың әлемдік үрдістерін талдау	Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ, АШМ, ИСМ, "Самғау" холдингі" АҚ	3 0 қаңтар 3 0 маусым	Талап етілмейді	
2.	Қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыруды қазіргі заманғы талаптар мен сұранысқа сәйкестігі мәніне талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), ККМ, АБА, ЭМРМ, АШМ, ИСМ, "Самғау" холдингі" АҚ	Жыл сайын 3 0 қаңтар 3 0 маусым	Талап етілмейді	
3.	Серпінді макро-жобаларды іске асыруды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, ККМ, АБА, ЭМРМ, АШМ, "Самұрық" холдингі" АҚ, "Самғау" холдингі" АҚ, "ҚазАгро" холдингі" АҚ	Жыл сайын 3 0 қаңтар 3 0 маусым	Көлемі жобаларды пысықтаудың шамасына қарай айқындалатын болады	Бюджеттен тыс қаражат
4.	Азаматтық авиация саласын дамыту жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ККМ	2008 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
5.	Қазіргі заманғы телекоммуникация саласын дамыту жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	АБА (жинақтау), "Самғау" холдингі" АҚ	2008 жылғы тамыз	Талап етілмейді	
6.	Қазақстан Республикасы аумағына ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі дайындық іс-шаралар	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ	2008 жылғы 15 қаңтар,	29974	Республикалық бюджет

	ларын жүргізу, оның ішінде:			2008 жылғы 15 шілде		
6.1.	Қазақстан Республикасының бас схемасын әзірлеу және келісу тәртібін айқындау жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ	2008 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
6.2.	3.01-07-2001 "Қазақстан Республикасын-дағы қала құрылысы жобаларының құрамы, оларды әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық" Қазақстан Республикасының ҚНЕ өзгерістер енгізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ	2008 жылғы 15 қаңтар, 2008 жылғы 15 шілде	4760	Республикалық бюджет
6.3.	Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу және белгіленген тәртіппен келісу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ	2008 жылғы 15 қаңтар, 2008 жылғы 15 шілде	25214	Республикалық бюджет
7.	Еуропа-Азия бағытында бір-ыңғай транзит жүйесін құрудың халықаралық инвестициялық мега-жобасын іске асыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ККМ (жинақтау), СІМ, Әділетмині, Қаржымині, ЭБЖМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Самғау" холдингі" АҚ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, "ҚазАгро" АҚ,	2008 жылғы шілде		

			"Атамекен" Одағы" ҚҰЭП		Талап етілмей- ді	
8.	Бюджет каражатын тиімді пайдалануды бағалауды ұсына отырып, бағдарламалық құжаттардың қаржылық камтамасыз етілуін бағалау	ЭБЖМ-ге ақпарат	ККМ, АБА, ЭМРМ, АШМ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, "Самғау" холдингі" АҚ	Жыл сайын 15 қаңтар 15 маусым	Талап етілмейді	
9.	Мультимодальды тасымалдауды дамыту жөнінде шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ККМ	2009 жыл	Талап етілмейді	
10.	Әзірленген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын ескере отырып, қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды түзету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жыл	Талап етілмейді	
11.	Қазақстан Республикасының почта саласы мен почта жинақтау жүйесін дамыту жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	АБА, "Самғау" холдингі" АҚ	2010 жыл	Талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

- ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
- "Самұрық" холдингі" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
- "Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты қоры дамыту" акционерлік қоғамы
- "Самғау" холдингі" АҚ - "Самғау" мемлекеттік холдингі" акционерлік қоғамы
- "ҚазАгро" холдингі" АҚ - "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
- "Атамекен" Одағы" ҚҰЭП - "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі
- ҚНЕ - құрылыс нормалары мен ережелері
- Ескерту. Ескертпеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1101 Қаулысымен.**